МОДУЛЬ 3. ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚҰРАМЫ

№9 дәріс. Фразеологизмдер құрамындағы көнерген сөздер.

Адамның қарым-қатынас құралы бола тұра, тіл өзінің сөздік қорын шексіз толықтыра алмайды. Себебі адамның есте сақтау қабілеті де шектеулі. Сондықтан да қажеттіліктен пайда болған жаңа ұғымдар мен түсініктердің атаулары болып сөз тіркестері қалыптасады. Қоғам мен ортаның даму барысында тіл жүйесінде мыңдаған сөз тіркестері пайда болады. Олар адамдардың қарым-қатынас қажеттілігін өтеу мақсатында белгілі номинативтік немесе экспрессивтік қызметті тұрақты түрде атқарады. Міне осы қолданыс тұрақтылығымен әрдайым сөйлеу кезінде жаңадан жасалатын, еркін сөз тіркестерімен ерекшеленеді.

Қазақ тіліндегі мәдени лексиканың ұлттық ерекшеліктерін талдай келіп, профессор Ж. Манкеева төмендегідей пікір айтады: “Ана тіліміздің сөз айдынының тереңінде халықтың ғасырлар бойғы іс тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылып, ереже түрінде тұжырымдалған аталы сөз, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер туып жатады” [Ж.А. Манкеева, 1997; 53 б.].

Тілдің лексикалық жүйесіндегі деривацияның (сөзжасамның) түрлі тәсілдері арқылы жасалатын сөзбен салыстырғанда тұрақты тіркестер (фраземалар) тілдік жүйедегі еркін сөз тіркестерінің фразеологиялану үрдісі нәтижесінде қалыптасады.

Еркін сөз тіркестерінің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрамы және мағыналық бүтіндігімен ерекшеленетін тұрақты тіркестерге айналудың бірінші себебі – қолданыстағы тұрақтылығы, ауыспалы мағынасында, яғни метафоралық мағынада жұмсалуы. Еркін сөз тіркестерінің тұрақты тіркестерге айналу үрдісін сипаттай келіп, фраземаларды диахрондық тұрғыдан зерттеген орыс тарихи грамматикасының маманы Б.А. Ларин былай дейді: “Переходу переменных словосочетаний в постоянные, устойчивые содействует метафоризация, расширение и обобщение значения в сторону образной типичности” [Б.А. Ларин, 1956; 219 б.].

Қазақ фразеологиясын зерттеуші академик І. Кеңесбаевтың пікірі де осы қағидамен ұштасып келеді: “Фразеологиялық единицалардың бірден жасала қоймағаны, уақыт ұзаған сайын бірте-бірте барып қалыптасқан, еркін тіркестердің негізінде жасалғаны сөзсіз. Олар сол дәуірдегі нақты өмір шындығына, халықтың ерте кездегі ұғымына, ой-санасына сай келуі де фразеологиялық мағына екінші кезекте бертін келе өрбіген” [І.К. Кеңесбаев, 1977; 605 б.]. Мысалы: *қолға алу* “кірісу, тікелей шұғылдану” (салыстыр. *ол баланы қолға алды*), *бел буу* “шешімге келу” (салыстыр. *белдікпен белін буды*) және т.б.

Тілдегі сақталған осындай тіркестерге тоқтала келіп, К. Аханов: “Фразеологиялық бірлік өзімен омонимдес еркін сөз тіркесінен бір бүтін образды мағынаны білдіру қасиеті жағынан ажыратылады”, – дейді [К.Аханов, 1993; 175 б.].

Қазақ (түркі) тіліндегі сөзжасам тарихын синхрондық әрі диахрондық тұрғыдан зерттеген ғалым А. Салқынбай фраземаларды сөзжасамның ерекше түрі деп қарастыра келіп былай дейді: “Тұрақты тіркестердің номинативті мағына беруі, жаңа мағынада жұмсалуы когнитивтік процестер нәтижесінде ерекше ұғым пайда болғанда ғана мүмкін болады. Олай болса тұрақты тіркестер сөзжасамдық процестің нәтижесінде ғана деривациялық мағынаға ие болады. Пайда болған номинативтік мағына туынды сөз жасалғандығының көрінісі, фактісі” [А. Салқынбай, 1999; 266 б.].

Сөз тіркестерінің сөйлеу кезінде біртіндеп лексикалық бірлікке айналуы, яғни номинативтенуі – тілдік құбылыс. Бұл үрдіс сөздік қорды байытудың өнімді тәсілі болып табылады. Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағмановаңың авторлығымен жарық көрген “Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі” еңбегінде сөз тіркестерінің номинативтік бірлікке айналу құрылымын лексикалану үрдісі деп атайды [Ә.Аблақов, С.Исаев, Е.Ағманов; 1997; 31 б.].

Фраземалардың мағынасы тарихи тұрғыдан алғанда құрамындағы компоненттердің мағынасынан шығуы әбден мүмкін. Олар бірден қалыптаса қоймаған, ғасырлар бойы біртіндеп пайда болуы да ықтимал. Кезінде қоғамда, тілде актив қолданылған еркін тіркестер тілдің ішкі заңдылықтарына орай тікелей мағынасы ұмыт болып, олардың екіншілік экспрессивті, бейнелі мағыналары туындап тілде сақталған.

Фраземалардың этимологиясын және олардың пайда болу арналары мен реконструкциясына талдау жасаған А. Салқынбай төмендегідей ғылыми тұжырым жасады: "Барлық тұрақты тіркестердің әуелгі еркін тіркесті мағынасын қалпына келтіруге мүмкіндік бар. Тарихи тұрғыдан тұрақты тіркес толық өзіндік лексикалық тура мағынада жұмсалған сөздер болған деуге әбден болады. Айталық: "Аманат беру, аманат сөз тапсыру, аманат тапсыру, аманатқа мал айту" тіркестерінің қалыптасуына белгілі халықтық дәстүрдің болуы септігін тигізген. Жеңілген ел, жеке адам, хан өзінің жеңілгендігін мойындап, жеңген елге кепілдікке туған баласын беретін болған. Немесе сөзді, істі аманат ретінде берудің мойнына сеніп тапсырады. Осындай оқиға, процесті білдіретін атау "аманат беру", "аманат тапсыру" тұрақты тіркесі арқылы таңбаланған. "Аманат беру" үрдісі кешегі Абай заманына дейін келгені М. Әуезовтың "Абай жолы" эпопеясынан белгілі [А.Салқынбай, 1999; 276 б.].

Еркін тіркестердің тұрақты тіркестерге (фраземаларға) ауысуының тағы бір себебі – тіркес құрамында, оның құрылымында фразеологиялық байлаулы мағыналы бір немесе бірнеше сөздің пайда болуы. Тілдің тарихи даму үрдісінде және оның лексикалық жүйесінде кейбір тіркестердің құрамында қазіргі тілдік тұрғыдан мағынасы көмескі, сөйлеушіге түсініксіз сөздер пайда болуы мүмкін. Сөз мағыналарының көмескеленуін тарихи семасиология тұрғысынан зерттеген ғалым Р. Сыздықова сөздің қолданылу тарихын тілді иемденуші халықтың этникалық, азаматтық тарихымен ұштастыра зерттеу қажет дей келе, мынандай пікір айтады: "Сөздің қолданылу тарихын әңгімелеу дегеніміз олардың мағыналарының қозғалысына (эволюциясына) үңілу болып шығады. Сөз мағынасының эволюциясы тек дамуда, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды, сонымен қатар сөз мағынасының күңгірттенуі не мүлде ұмытылуы, ауысуы, кеңеюі, тарылуы т.б. құбылыстар да сөз табиғатының қозғалысын танытады" [Р.Сыздықова, 1994; 165 б.].

Қазақ тілінің сөздік құрамында қазіргі тілдің күйі тұрғысынан түсіндіруге келмейтін тұрақты тіркестер (фраземалар) кездеседі. Белгілі тіл маманы Р. Сыздықова "Сөздер сөйлейді" еңбегінде көптеген тіркестердің пайда болу көздерін лингвистикалық тұрғыдан талдау жасаған. Мысал ретінде *аты шулы* тіркесін талдай отырып, мынандай пікір айтады: "... мұның екінші сыңары шулы "даңқ, атақ, даңқты, атақты" деген мағынадағы көне түркілік *чау* сөзі. ... сонда бұл сөз сыртқы тұлғасы жағынан былайша келген: *чау> чұу > шу*. Демек, аты шулы деген тіркес *аты даңқты* дегеннің көне сөзбен берілген баламасы екен" [Р.Сыздықова, 1994; 166 б.].

Тілде құрамында көне түркі элементі бар *жек көру* тіркесі бар. Бұл бәрімізге түсінікті *жақсы көру* конструкциясы негізінде жасалған. "*Жек көру* тіркесіндегі жек сөзі көне түркілер тіліндегі *йенк* сөзі сияқты "түкке тұрғысыз, болмашы, мардымсыз" мағынада жеке-дара жұмсалмайды" [Р.Сыздықова, 1994; 168 б.].

Тілдік жүйедегі фраземалардың пайда болуының негізінде белгілі, қалыптасқан үлгілер, модельдер жатыр. Олар тілдегі қалыптасқан фразеологизмдердің құрылымдық модельдеріне, аналогияларына ұқсатылып жасалады. Орыс фразеологизмдерін зерттеуші ғалым Н.М. Шанский пікіріне сүйенсек: "Фразеологизмы такого рода образуются по аналогии и появляться в речи всегда как новообразования ... лишь постепенно входят в общее употребление" [Н.М. Шанский, 1985; 133 б.].

Бұрыннан тілде қалыптасқан фраземалар моделінде туған тіркестер адамдардың бұрыннан бар құралдар негізінде құбылыстарды бейнелі түрде беру мақсатында қалыптасқан. "Эти стремления к обновлению наименования тех или иных понятий и приводит к появлению как новых слов, так и новых фразеологических единиц, что

обусловлено самой природой нашей речи – оказать максимальное воздействие со стороны говорящего на слушающего", – деп көрсетеді Р.Н. Попова [Р.Н. Попова, 1976; 24 б.].

Тілдің сөздік құрамының толығуы өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы ғана болмайды. Сонымен қатар тіл өзінің сөз байлығын өзге тілдерден кіргізу арқылы да жүзеге асырады. Әдеби тілдің фразеологиялық жүйесінің толығуының тағы бір себебі – басқа тілден енген кірме сөздер. Халық өзінің басынан кешірген ұзақ даму тарихында көптеген елдермен араласып, әр кезеңдерде түрлі қарым-қатынастар жасағаны мәлім. Қазақ тіліндегі араб, парсы, монғол сөздерінің енуі тарихи кезеңдермен тікелей байланысты.



Р. Сыздықова кірме сөздерге байланысты тарихи лексикология мәселелерін сөз ете отырып, қазіргі тілде қолданылатын фраземалардағы плеоназм (плеоназм немесе плеонастық сөздер дегеніміз бір мағынадағы екі сөздің қатар қолданылуы) құбылысына ерекше тоқтала келіп былай дейді: "Ол қатарды не екі тілдің сөздері, не көне-жаңа сөздер, не қызметі бірдей екі морфологиялық тұлға құрайды. Әдетте тіл білімінде плеоназм (ол преиссология деп те аталады) құбылысын тілдегі "басы артық" абсолюттік емес, яғни плеоназм белгілі бір стильдік, не мағыналық қызмет атқарғанда ғана тілде орын алады" [Р.Сыздықова, 1994; 174 б.].

Мысалы: *көр соқыр* тіркесіндегі көр сөзі парсы тілінде "соқыр, соқыр адам" деген мағынаны білдіреді. "Ал *көр соқыр* тіркесі бір мағынадағы әр тілде екі сөздің қатар қолданылуы болып табылатын плеонастық құбылыс. "Соқыр" мағынасындағы *көр* сөзі *көрбала, көрбілте* сөздерінің құрамына да қатысқан" [Р.Сыздықова, 1994; 101 б.].

Сары уайым тіркесінің дұрысы *сар-уайым* болуы керек еді, өйткені *сар* сөзі парсы тілінде "уайым" дегенді білдіреді. Сонда *сар-уайым* "уайым-уайым" деген тіркес түрінде пайда болып, жай уайым емес, "қатты уайым, таусылмас уайым" дегендей үстеме мағына алып тұр [Р.Сыздықова, 1994; 174 б.].

Тіл жүйесіндегі фраземалардың пайда болуының жоғарыда аталып өткен себептері әрі номинативтік, әрі экспрессивтік сипаттағы фразеологиялық қордың толығуына әкеледі.

Сөздердің көнеру немесе қолданыстан шығып қалу үрдісі бірден бола қалатын құбылыс емес. "Әуелі қолдану жиілігін бәсеңдетіп, пассив сөзге ауысады да, соңынан жаңа ұрпақтың біреуіне жеткенмен кейінгілерге емін-еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмытыла бастайды" [Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиұлы, 1997; 180 б.].

Бұндай сөздер бара-бара қолданудан біртіндеп ығысып, тілде қолданудан шығып қалуы да мүмкін. Қазіргі қазақ тілінің фразеологиялық қорында тек фразема құрамында ғана қолданылып мағынаға ие болатын, жалпыхалықтық тілде жеке қолданылмайтын сөздер кездеседі. Фразема құрамындағы мұндай сөздерді лексикалық архаизмдер деп атаймыз. Тіркес құрамындағы сөздердің мағынасын (кеңірек этимологиясын) тек олардың шығу төркініне этимологиялық талдау жасағанда ғана ашуға мүмкіндік туады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде 1966 жылы жарық көрген "Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі", Ә.Т. Қайдардың 1985 жылы шыққан "Структура односложных корней и основ в казахском языке", Р. Сыздықованың 1994 жылы 2-басылған "Сөздер сөйлейді" еңбегі мен осы жылы жарық көрген Ә. Нұрмағамбетовтың "Бес жүз бес сөз" еңбектерінде негізінен сөздердің этимологияларына талдау жасалып, кейбір фраземалар құрамындағы қолданыстан шыққан сөздердің төркініне салыстырмалы-тарихи тұрғыдан

анализ жасалып, тұрақты тіркестердің кезінде еркін тіркестерде пайда болған конструкциялар екеніне ғылыми дәйектемелер арқылы көз жеткізді.

Қазіргі тілдік (синхрондық) тұрғыдан түсіндіруге келмейтін, олардың түп негізі тарихи кезеңдермен тікелей байланысты екенін тілдік деректер дәлелдеп отыр. Қазіргі қазақ тіліндегі кейбір фраземалар құрамындағы түсініксіз сөздердің көзі кейде кірме элементтерде жатса, енді біреулерінің тарихы көне ескерткіштер мен туыстас тілдерге апаратыны сөзсіз.

Лұғаттардан жинақталған фраземалық материалдар қазақ тіліндегі фраземалардың тарихын 3 кезеңге бөліп қарастыруымызға мүмкіндік береді:

- алтайлық (монғол, тунгус-маньчжур т.б.);
- көне түркілік;
- орта ғасырлық (араб, парсы).

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.

2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.

3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.

4.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.

5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.

6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.

7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.

8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.

9.Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.

10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б